

АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ІСТЕР БОЙЫНША ЮРИСДИКЦИЯ, СОТ
ШЕШІМДЕРІН ТАҢУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ
ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ
(2007.30.10. Лугано қ. қол қойылған)



АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ІСТЕР БОЙЫНША ЮРИСДИКЦИЯ, СОТ
ШЕШІМДЕРІН ТАҢУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ
ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ
(2007 жылғы 30 қазан, Лугано)

Мазмұны



1. Кіріспе
2. Қолданылу аясы
3. Юрисдикция
4. Арнайы юрисдикция
5. Айырықша юрисдикция
6. Lis Pendens
7. Тану
8. Орындауға келтіру
9. Қорытынды

Кіріспе



- Жоғары Уағдаласушы тараптар – осы Конвенцияға қатысушылар,
- өз аумақтарында белгіленген адамдарды құқықтық қорғауды күшейтуге ұмтыла отырып,
- осы мақсатпен өз соттарының халықаралық юрисдикциясын айқындауды, тануды жеңілдету және сот шешімдерін, ресми құжаттарды және сотта жасалған келісімдерді орындауды қамтамасыз ету үшін жеделдетілген рәсімді енгізуді қажет деп санай отырып,
- Еуропалық экономикалық қоғамдастық пен Еуропалық еркін сауда қауымдастығына мүше мемлекеттер арасында жасалған еркін сауда туралы шарттармен бекітілген экономика саласындағы олардың арасындағы байланыстардың бар екенін біле отырып,



- Мыналарды:
- Еуропалық қоғамдастықтар кейіннен кеңейту барысында қосылу туралы Конвенциялармен толықтырылған, азаматтық және коммерциялық істер бойынша юрисдикция және сот шешімдерін орындау туралы 1968 жылғы 27 қыркүйектегі Брюссель Конвенциясын,
- Еуропалық еркін сауда қауымдастығына мүше мемлекеттермен Брюссель конвенциясының қағидаларын қолдануды кеңейткен 1988 жылғы 16 қыркүйектегі Лугано конвенциясын,
- Жоғарыда көрсетілген Брюссель конвенциясын ауыстырған азаматтық және коммерциялық істер бойынша юрисдикция және сот шешімдерін орындау туралы Еуропалық Одақ Кеңесінің 2000 жылғы 22 желтоқсандағы № 44/2001 регламентін,
- 2005 жылғы 19 қазанда Брюссельде қол қойылған Еуропалық қауымдастық пен Дания корольдігі арасындағы азаматтық және коммерциялық істер бойынша юрисдикция, сот шешімдерін тану және орындау туралы Келісімін назарға ала отырып,
- № 44/2001 (ЕҚ) Регламентінде қаланған қағидаттардың осы құжатқа қатысушы мемлекеттерге таратылуы Еуропадағы құқықтық және экономикалық ынтымақтастықты нығайтатынына сенімді бола отырып,



- мүмкіндігінше осы құжаттың біркелкі түсіндірілуін қамтамасыз етуге ниет білдіре отырып,
- осындай мақсаттарда осы Конвенцияны жасасуға шешім қабылдады және төмендегілер туралы уағдаласты.

Қолдану аясы



- Осы Конвенция азаматтық және коммерциялық істерге қатысты кез келген сотта немесе трибуналда қолданылады.

Қолданылмайды:



- а) азаматтық хал немесе жеке тұлғалардың құқығына және әрекетке қабілеттілігіне, неке қатынастарынан туындайтын мүліктік құқықтарға, өсиеттер мен мұрагерлікке;
- б) банкроттыққа, дәрменсіз компаниялардың немесе басқа да заңды тұлғалардың таратылуына қатысты соттық рәсімдерге, соттық уағдаластықтарға, келісімдерге және оларға ұқсас рәсімдерге;
- с) әлеуметтік қамсыздандыруға;
- d) арбитражға қатысты .
- Ол атап айтқанда, салық, кеден немесе әкімшілік істерге қолданылмайды.

Юрисдикция



- Осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Уағдаласушы мемлекетте домицилі* бар тұлғаларға олардың азаматтығына қарамастан, осы мемлекеттің соттарында талаптар беріледі.
- Мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын, оларда домицилі бар тұлғалар осы мемлекеттің азаматтарына қолданылатын қағидалар бойынша оның юрисдикциясына жатады.

Арнайы юрисдикция



- Бір Уағдаласушы мемлекетте домицилі бар жеке тұлғаға басқа Уағдаласушы мемлекетте талап берілуі мүмкін.

Уағдаласушы мемлекетте домицилі бар жеке тұлғаға да талап берілуі мүмкін:



- 1. егер ол бірнеше жауапкердің бірі болып табылса – бөлек сот талқылауында орын алуы мүмкін, сот қорытындыларына қайшы келетін тәуекелді болдырмау үшін оларды бірге тыңдау және шешу мақсатқа сай, талаптар жақын байланыста болған жағдайда, олардың кез келгенінің домицилі бар жердің соттарында;
- 2. кепілгерлікке немесе кепілдікке байланысты даудағы үшінші тарап ретінде немесе үшінші тараптың қатысуымен қандай да бір өзге дауда, егер осы талқылау жалғыз ғана мақсатпен, оған осы істі қарауға құзыретті соттан жалтаруға мүмкіндік беру үшін басталмаса, бастапқы сот талқылауын жүргізген сотта;
- 3. бастапқы талап негізделген сол шарттан немесе фактілерден туындайтын қарсы талап қою жағдайында - бастапқы талапты қарайтын сотта;
- 4. шартқа қатысты істер бойынша, егер талап жылжымайтын мүлікке заттық құқықтарға қатысты мәселелер бойынша сол жауапкерге басқа талаппен біріктірілуі мүмкін болса – осы мүлік орналасқан Уағдаласушы мемлекеттің сотында талап берілуі мүмкін.



Айрықша юрисдикция

Тараптардың домициліне қарамастан, айрықша юрисдикцияға мынадай соттар ие болады:



- 1. оның мәні жылжымайтын мүлікке немесе оны жалға беруге арналған заттық құқықтар болатын даулар бойынша істерде - аумағында осы мүлік орналасқан Уағдаласушы мемлекеттің соттары. Алайда, қатарынан алты айға дейінгі ең көп мерзімге уақытша жеке қолдану мақсатында жасалған жылжымайтын мүлікті жалға беру шарттары болатын даулар бойынша істерді қарауға жауапкердің домицилі бар Уағдаласушы мемлекеттің соттары құқылы, егер жалға алушы жеке тұлға болып табылған және екі тараптардың бірде біреуінде мүлік орналасқан Уағдаласушы мемлекетте домицилі болмаған жағдайларда;
- 2. оның мәні мекеменің заңдылығы, компаниялардың, басқа да заңды тұлғалардың немесе заңды немесе жеке тұлғалардың қауымдастықтарының не олардың органдары шешімдерінің жарамсыздығы немесе таратылуы болып табылатын даулар бойынша істерде - осы компания, заңды тұлға немесе қауымдастық орналасқан Уағдаласушы мемлекеттің соттары;
- 3. оның мәні мемлекеттік тізілімге енгізудің заңдылығы болып табылатын даулар бойынша істерде - осы тізілімді жүргізетін Уағдаласушы мемлекеттің соттары;



- 4. патенттердің, сауда белгілерінің, дизайндердің және депозитке салуды немесе тіркеуді талап ететін оларға ұқсас құқықтарды тіркеуге немесе олардың жарамдылығына қатысты дауларда – халықаралық Конвенция шарттары бойынша депозитке салу немесе тіркеу туралы өтініштер не депозитке салу немесе тіркеу фактілері орын алған немесе орын алды. 1973 жылғы 5 қазанда Мюнхенде қол қойылған Еуропалық патенттер теру туралы конвенцияның негізінде Еуропалық патенттер бюросының юрисдикциясына сәйкестендіре отырып, сотта айыптауға байланысты немесе қорғау кезінде мәселенің қалай көтерілгеніне қарамастан, сол мемлекет үшін берілген кез келген Еуропалық патенттің тіркелуіне немесе заңдылығына қатысты сот процесіндегі домициліне қарамастан, әрбір уағдаласушы мемлекет соттарының айрықша юрисдикциясы болады;
- 5. сот шешімдерін орындауға қатысты дауларда - шешім орындалған немесе орындалуға тиісті болған Уағдаласушы мемлекеттің соттары.

Lis pendens (қарауда жатқан талаптар)

- Lis pendens (қарауда жатқан талаптар) – өзара байланысты талаптар



- Егер бір негіздеме бойынша және сол тараптардың арасында қозғалған істер әр түрлі Уағдаласушы мемлекеттердің соттарында іс жүргізуге қабылданған жағдайда, онда талап-арызын бірінші болып қабылдаған соттан басқа олардың әрқайсысы осы істі бірінші болып қабылдаған соттың юрисдикциясы анықталған кезге дейін өз бастамасы бойынша іс жүргізуді тоқтата тұрады.
- Талап-арызын бірінші болып қабылдаған соттың юрисдикциясы анықталғанда, барлық басқа соттар бірінші соттың пайдасына бұл істі қараудан бас тартады.

Тану және орындауға келтіру

- Осы Конвенция шеңберінде «соттық шешімі» деген термин Уағдаласушы мемлекеттің соты немесе трибуналы қабылдаған оның атауына қарамастан, оның ішінде қаулыны, бұйрықты, шешімді немесе атқарушы құжатты, сондай-ақ соттың лауазымды адамы берген сот немесе шығындарының немесе шығыстарының анықтамасын білдіреді.



- Бір Уағдаласушы мемлекетте шығарылған соттық шешімі басқа Уағдаласушы мемлекеттерде танылады, ол үшін қандай да бір арнайы рәсім талап етілмейді.

Сот шешімі мынадай жағдайларда танылмайды:



- 1. егер тану сұралатын мемлекеттегі құқық тәртібінің негізгі қағидаларына қайшы келсе;
- 2. жауапкерге қорғауға дайындалу үшін жеткілікті уақыт беретін сот талқылауын тағайындау туралы құжат немесе оған тең құжат тиісінше табыс етілмесе, ол жауапкердің жоқ кезінде шығарылса;
- 3. егер ол тану сұралатын мемлекеттегі тараптар арасындағы дау бойынша шығарылған шешіммен сәйкес келмесе;
- 4. егер сұрау салушы мемлекеттің соты өз шешімін қабылдар алдында алдын ала жеке тұлғалардың азаматтық халына немесе құқығына және әрекет қабілеттілігіне, неке қатынастарынан туындайтын мүліктік құқықтарына, өсиеттер мен мұраларына қатысты мәселені тану сұралатын мемлекеттің халықаралық жеке құқық нормасына қайшылықта шешілсе, егер тек осы мемлекеттің халықаралық жеке құқық нормаларын қолдану сол нәтижені бермесе;
- 5. егер шешім сұрау салынатын мемлекетте оны тану үшін қажетті талаптарға сай келген жағдайда сол негізбен және сол тараптар арасындағы іс бойынша, шешім Конвенцияға қатысушы болып табылмайтын басқа мемлекетте бұрын шығарылған шешіммен сәйкес келмесе танылмайды.

Орындауға келтіру



- Бір Уағдаласушы мемлекетте шығарылған және осы мемлекетте мәжбүрлеп орындауға тиісті сот шешімі мүдделі тараптың өтінішінен кейін мәжбүрлеп орындауға жататын туралы анықталғаннан кейін басқа Уағдаласушы мемлекетте орындалады.

Қорытынды



- Осы Конвенцияға Еуропалық одақтың, Дания және осы Конвенцияға қол қою үшін ашылуы барысында Еуропалық еркін сауда қауымдастығының мүшелері болған мемлекеттер қатысушы бола алады.
- Конвенцияға қол қойған мемлекеттер оны бекітуі тиіс. Бекіту туралы құжаттар осы Конвенцияның депозитарийі - Швейцария Федералдық Кеңесінде сақталады.
- 1-хаттаманың 1, 2 және 3-баптарына сәйкес бекіту барысында Уағдаласушы тараптар өтініш жолдай алады.
- Конвенция Еуропалық қауымдастық пен Еуропалық еркін сауда қауымдастығымен бекіту бойынша актілердің сақтауға берген күнінің үшінші айдың бірінші күнінде күшіне енеді.
-



- 5. Конвенция үшінші айдың бірінші күні, яғни Бекіту грамотасын сақтауға тапсырған күннен кейінг келесі күні күшіне енеді.
- 6. 2 хаттаманың 3 (3)-бапқа қарсы шықпай, осы Конвенция 1988 жылғы 16 қыркүйектегі Луганода жасалған әкімшілік және коммерциялық істер бойынша юрисдикция және соттық шешімдерді мәжбүрлеп орындау туралы Конвенцияны 4 және 5 абзацтарға сәйкес күшіне енген күнінен бастап ауыстырады.
- 7. Еуропалық қауымдастыққа мүше мемлекеттер және еуропалық емес территориялардың арасындағы ара-қатынас қаншалықты деңгейде 70 (1) (b) көрсетілген бапқа жанасқанына байланысты, осы Конвенция 1968 жылғы 27 қыркүйектегі Брюссельде қол қойылған әкімшілік және коммерциялық істер бойынша юрисдикция және соттық шешімдерді мәжбүрлеп орындау туралы Конвенцияны және 73 (2)-бабына сәйкес осы территорияларға байланысты осы Конвенцияның күшіне енген күнінен бастап аталған Конвенция және аталған хаттамаға қосылу туралы Конвенциямен еңгерістер енгізген 1971 жылғы 3 маусымда Люксембургте қол қойылған Еуропалық қауымдастықтың соты Конвенциясын түсіндірмесі туралы хаттаманы ауыстырады.

Назарларыңызға
рахмет!

